

# Іздеу жүйелері



**Іздеу жүйесі** — мәліметті Интернеттен іздеу мүмкіндігін ұсынатын веб-торап. Іздеу жүйесінің басым бөлігі мағлұматты Әлемдік өрмек сайттарынан іздейді, алайда файлдарды ftp-серверлерден, тауарларды интернет-дүкендерінен, сондай-ақ мәліметті Usenet жаңалықтар тобынан іздей алатын жүйелер де бар. Соңғы уақытта түрлі XML-деректер ішінде RSS технологиясына негізделген іздеудің жаңа түрі пайда болды.

*Іздеу жүйесі дегеніміз*- кілттік сөздерді пайдалану арқылы өзіңізге қызықты, қажетті ақпараттарды табу, іздеу WEBсайтын айтады. Іздеу жүйесінің көптеген түрлері бар, оны көбінесе 4 компонент арқылы ақпаратты іздеу және ұйымдастыру кеңінен қолданылады.

*Олар:*

1. *«Паук»- автоматтандырылған программа.* Интернет жүйесінде іздеу арқылы WEB- сайттарды табады. Сонымен қатар WEB парақтарды да анықтайды. Сол арқылы оларды бағалық тізімге енгізеді. Бот және Веб-Краулер программаларын пайдалану арқылы тұтынушыға жасырын түрде іздестіруді ұйымдастырады.
2. *Индекстеуші программа.* Ақпараттарды құрылымдайтын және ұйымдастыратын программа. Ол WEB-сайтқа сіздің табуыңызды ұйымдастыратын программа. Индекстеуші программа тұтынушыға көрінбейді.
3. *Іздеу жүйесінің деректер қоры.* Барлық ақпараттардың жиынтығы. Ол сіздің іздеуіңізге жол ашады. Ол да тұтынушыға көрінбейді.
4. *Интерфейс.* Интернет жүйесінде не керектігін кілттік сөз арқылы іздестіруді ұйымдастыратын терезе.

Net Applications компаниясының деректеріне сүйенсек, 2007 ж. желтоқсан айында [Google](#)-дың нарықтық үлесі дүние жүзі бойынша 77.04 %,

[Yahoo](#) — 12.46 %,

[MSN](#) — 3.33 %,

[Microsoft Live Search](#) — 2.57 %,

[AOL](#) — 2.12 %,

[Ask](#) — 1.38 %,

[AltaVista](#) — 0.13 %,

[Excite](#) — 0.07 %,

[Lycos](#) — 0.02 %,

[All the Web](#) — 0.02 % [1] пайызды құрайды.

The logo for Yandex, featuring the word "Яndex" in a stylized font where the "Я" is red and the rest is black.The multi-colored logo for Google, with each letter in a different color: G (blue), o (red), o (yellow), g (blue), l (green), e (red).The logo for @mail.ru, consisting of a blue rectangle with the text "@mail.ru" in yellow and white.The logo for Rambler, with the word "Rambler" in a blue, rounded font.The logo for YANHOO!, with the word "YANHOO!" in a red, stylized font.The logo for msn, with the word "msn" in blue and a colorful butterfly icon to the right.The logo for pol-za.net, with the text "pol-za.net" in a green, lowercase font.The logo for АПОРТ, with the word "АПОРТ" in blue, uppercase letters.The logo for bing, with the word "bing" in a blue, lowercase font.The logo for NIGMA.RU, featuring a green spider icon and the text "NIGMA.RU" in black, uppercase letters.

*Іздеу жүйесінің негізгі 3 түрі бар:*

**Метамәліметтер арқылы.** Бұл көптеген іздеу жүйесін зерттейтін және нәтижесін жинақтайтын жүйе. Оған мысал ретінде мыналарды алуға болады:

Yahoo!: <http://ru.yahoo.com>

MSN Search: <http://search.msn.com>

Alta Vista: <http://www.altavista.com>

**Универсалды іздеу жүйесі.** Ақпаратты әдеттен тыс іздеу арқылы ақпараттардың кең көлемде қамтитын іздеу жүйесін айтады. Оған мысал ретінде:

Google: <http://www.google.ru>

Yandex: <http://www.yandex.ru>

Rambler: <http://www.rambler.ru>

**Іздеу агенті.** Күрделі іздеуге арналған программалық құралдар.

Мысалы: Bot Spot: <http://bots.internet.com>

Copernic: <http://www.copernic.com>


ComScore  
компаниясының  
аналитикалық деректері  
бойынша 2007 жылдың  
желтоқсан айында барлық  
іздеу сайттары 66 млрд  
221 млн іздеу  
сұратуларын өңдеген  
екен. Яндекс осы  
статистикаға кірген және  
ол 9-ыншы орында тұр.





*Google* — нарық үлесі 68,69 % әлемдегі ең сұранысқа ие іздеу жүйесі.

*Bing* екінші орынға ие, оның үлесі 12,26 %. Әлемдегі ең көп сұранысқа ие іздеу жүйелері:



## Іздеу жүйелері нарығы

Іздеу жүйесі	2014, шілде айындағы нарық үлесі	2014, қазан айындағы нарық үлесі	2015, қыркүйек айындағы нарық үлесі
<a href="#">Google</a>	68,69 %	58.01 %	69.24%
<a href="#">Baidu</a>	17,17 %	29.06 %	6,48%
<a href="#">Bing</a>	6.22 %	8.01 %	12,26%
<a href="#">Yahoo!</a>	6.74 %	4.01 %	9,19%
<a href="#">AOL</a>	0,13 %	0.21 %	1,11%
<a href="#">Excite</a>	0.22 %	0,00 %	0.00%
<a href="#">Ask</a>	0,13 %	0,10 %	0,24%